



**Қазақстан Республикасы мен Пәкстан Ислам Республикасы арасындағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шартты бекіту жөнінде**

Қазақстан Республикасы Заңы 1998 жылғы 9 қараша N 293-І

Алматыда 1995 жылғы 23 тамызда қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Пәкстан Ислам Республикасы арасындағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шарт бекітілсін.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

Қазақстан Республикасы мен Пакистан Ислам Республикасы  
арасындағы азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер  
бойынша өзара құқықтық көмек туралы  
Шарт\*

\*(2001 жылғы 9 ақпанда күшіне енді - ҚР халықаралық шарттары  
бюллетені, 2002 ж., N 1, 6-құжат)

Қазақстан Республикасы мен Пакистан Ислам Республикасы,  
бұдан әрі Келісуші Жақтар деп аталып, азаматтық, отбасылық және  
қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету саласындағы  
ынтымақтастықты дамытуға маңызды мән бере отырып, төмендегілер  
туралы келісті:

I Тарау  
Жалпы ережелер

1 бап  
Құқықтық қорғау

1. Келісуші Жақтың бірінің азаматтары екінші Келісуші Жақтың аумағында басқа Келісуші Жақтың азаматтары сияқты өзінің жеке және мүліктік құқықтарын құқықтық жағынан қорғай алады.

Бұл Келісуші Жақтардың әрқайсысының аумағында өзінің ұлттық заңдарына сәйкес құрылған заңды ұйымдарға да қатысты.

2. Келісуші Жақтың бірінің азаматтары екінші Келісуші Жақтың

құзырлы органдарына еркін және бөгетсіз өтініш жасауға құқылы.

3. Осы Шартта қолданылатын "азаматтық істер" термині неке қию-отбасылық, еңбек, мұрагерлік, шаруашылық істерін қамтиды.

4. Құзырлы органдар әрбір нақты жағдайда тиісті Келісуші Жақтың заңдарымен анықталады.

## 2 бап

### Құқықтық көмек

1. Осы Шарттың ережелеріне сәйкес құзырлы органдар азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсетеді.

## 3 бап

### Құқықтық көмектің көлемі

Келісуші Жақтар бір біріне құқықтық көмек көрсетуді өз заңдарының талаптарын сақтай отырып, мынадай жолмен жүргізеді:

- құжаттарды салып жіберу және тапсыру;
- заттай айғақтарды беру;
- іс материалдарын жіберу;
- сот шешімдерін тану және орындау;
- шағымды қамтамасыз ету;
- сұрау салған жаққа сотталған туралы деректер беру;
- адамдарды іздестіру.

## 4 бап

Құқықтық көмек көрсету кезіндегі байланысу тәртібі

1. Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы өтініш жасаған жағдайды Келісуші Жақтардың құзырлы органдары егер осы Шартпен басқаша белгіленбесе, өздерінің орталық мекемелері арқылы өзара байланыс жасайды.

2. Осы баптың 1 тармағында атап өтілген орталық мекемелерге мыналар жатады:

Қазақстан Республикасы жағынан - Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі, Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы мен Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі;

Пакистан Ислам Республикасы жағынан - Пакистан Ислам Республикасының Заңдылық және әділет министрлігі, Пакистан Ислам Республикасының Ішкі істер министрлігі.

3. Осы баптың 2 тармағында атап өтілген Келісуші Жақтардың орталық органдары құзырлы органдардың тікелей байланыс жасайтындығы туралы қосымша келісімдер жасай алады.

## 5 бап

### Тіл

1. Құқықтық көмек көрсету туралы өтініштер сұрау салған Келісуші Жақтың тілінде жазылады және оларға екінші Келісуші Жақтың тіліндегі немесе орыс тіліндегі аудармасының көшірмесі қоса беріледі.

2. Аударманы ресми аудармашы немесе нотариус, немесе сұрау салған құзырлы органның лауазымды адамы, немесе сұрау салған Келісуші Жақтың дипломатиялық өкілдігі не консульдік мекемесі куәландырады.

## 6 бап

### Құжаттарды ресімдеу

1. Келісуші Жақтардың бірінші құзырлы органдары құқықтық көмек көрсету ретінде жіберген құжаттарына қол қойылу керек және тиісті түрде куәландырылуы тиіс.

2. Келісуші Жақтар өзара келісім бойынша көмек көрсету туралы өтініш жасаған кезде пайдаланатын формулярлардың үлгілерін белгілей алады.

## 7 бап

### Құқықтық көмек көрсету туралы өтініштің нысаны

Құқықтық көмек көрсету туралы өтініште мыналар көрсетілуі керек:

- а) сұрау салған құзырлы органның аты;
- б) сұрау салынған құзырлы органның аты;
- в) құқықтық көмек сұралған істің аты;
- г) іске қатысы бар адамдардың аттары мен фамилиялары, олардың азаматтығы, жынысы, кәсібі, тұратын жері немесе болған жері, туған жылы мен жері; жеке куәлігінің номері, заңды ұйымның аты мен тұрған жері;
- д) осы баптың 2 тармағында атап өтілген адамдардың өкілдерінің аты, фамилиясы және мекен-жайы;
- е) өтініштің мазмұны, ал қылмыстық істер бойынша сондай-ақ жасалған қылмыстың нақты жайттарының суреттемесі және оның заңды анықтамасы.

## 8 бап

### Тапсырманы орындау тәртібі.

1. Құқықтық көмек көрсету туралы өтінішті орындау кезінде өтініш жасалған орган өз мемлекетінің заңдарын қолданады.

Өтініш жасаған органның тілегі бойынша, егер олар өз мемлекетінің заңдарына

қайшы келмесе, ол өтініш жасаған Келісуші Жақтың іс жүргізу нормаларын қолдана алады.

2. Егер өтінішті алған Келісуші Жақтың сұрау салынған органы тапсырманы орындауға құзырлы болмаса, ол өтінішті орындау үшін құзырлы органға салып жібереді және бұл туралы өтініш жасаған органды хабардар етеді.

3. Егер Келісуші Жақтың сұрау салынған органы өтініште көрсетілген мекенжайдың немесе басқа деректердің қателігіне байланысты өтінішті орындай алмаса, ол оны анықтау үшін тиісті шаралар қолдануға немесе Келісуші Жақтың сұрау салған органынан қосымша деректер беруді талап етуге міндетті.

4. Сұрау салынған орган сұрау салушы органды тапсырманы орындау мерзімі мен орны туралы хабардар етеді.

5. Өтінішті орындағаннан кейін өтініш жасалған орган құжаттарды өтініш жасаған органға салып жібереді, егер құқықтық көмек көрсетіле алмаған жағдайда, ол өтінішті қайтарып береді және оны орындауға бөгет жасайтын жайттар туралы хабардар етеді.

## 9 бап

### Құжаттарды тапсыру тәртібі

1. Сұрау салынған құзырлы орган құжаттарды, егер олар өз тілінде жазылса немесе куәландырылған аудармасымен қамтамасыз етілсе, өз мемлекетінде қолданылып жүрген ережелерге сәйкес тапсырады. Құжаттар сұрау салынған Келісуші Жақтың тілінде жазылмаса немесе аудармасымен

қамтамасыз етілмеген жағдайларда алушы оларды өз еркімен қабылдауға келіссе ғана тапсырылады.

## 10 бап

### Құжаттардың тапсырылғандығын растау

Құжаттардың тапсыру кезінде құжаттардың алынған датасы, алушының және тапсырған адамның қолдары көрсетілуі керек. Егер алушы қабылдап алудан бас тартса, алудан бас тарту себебі де көрсетілуі тиіс.

Өтініштің орындалуын растайтын құжатқа өтінішті орындаған сұрау салынған құзырлы органның ресми мөрі қойылады.

## 11 бап

### Дипломатиялық өкілдіктер немесе консульдық мекемелер

арқылы құжаттар тапсыру.

Келісуші Жақтардың құзырлы органдары дипломатиялық каналдар арқылы өз азаматтарына құжаттар тапсыруға құқылы.

## 12 бап

Куәні, жәбірленуші мен сарапшыны шетелге шақыру.

1. Келісуші Жақтың бірінің аумағында алдын ала тергеу немесе сотта қарау барысында екінші Келісуші Жақтың аумағындағы куәнің, жәбірленушінің, азаматтық шағым беруші мен жауап берушінің, олардың өкілдерінің, сарапшының өзінің келуі қажет болса, онда осы Келісуші Жақтың тиісті органына шақыру қағазын тапсыру туралы тапсырма беру керек.

2. Шақыру қағазында келмеген жағдайда мәжбүр ету шараларын қолдану туралы қорқыту жазылмайды.

3. Сұрау салған Келісуші Жақтың құзырлы органының шақыруы бойынша келген куә, жәбірленуші немесе сарапшы өзінің азаматтығына қарамастан сұрау салған Келісуші Жақтың аумағында қылмысы немесе әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауапқа тартылмайды, өзі шақыртылып талқылау тақырыбы болған қылмысқа байланысты, сұрау салған Келісуші Жақтың мемлекеттік шекарасын кесіп өткенге дейін жасалған немесе сарапшы ретінде қорытынды берген басқа қылмыстар үшін де ұсталмайды, қамауға алынбайды немесе жазасын өтемейді.

4. Куә, жәбірленуші немесе сарапшы егер сұрау салушы орган өздерінің қатысуы қажет емес екендігін ескерткен күннен бастап отыз күнді мерзімде сұрау салған Келісуші Жақтың аумағынан кетпейтін болса, осы баптың 1 тармағымен берілген кепілдіктерден айырылады. Бұл мерзімге олар өздерінің қолдарынан келмейтін жәйттарға байланысты сұрау салған Келісуші Жақтың аумағынан дер кезінде кете алмаған жағдайлар есептелмейді.

5. Екінші Келісуші Жақтың аумағына шақыру бойынша келген куәлардың, жәбірленушілер мен сарапшылардың келуіне және болуына байланысты шығынды, сондай-ақ осыған байланысты айырылған еңбек ақысын сұрау салған Келісуші Жақ өтейді. Сарапшылар, сонымен бірге, сараптау жүргізгені үшін төлемақы алуға құқылы. Шақыруда шақырылған адамдардың қандай төлем түрлерін алуға құқылы екені көрсетілуі керек; олардың өтініші бойынша шақыру жіберген Келісуші Жақ тиісті шығындарды өтеуге аванс төлейді.

### 13 бап.

#### Құжаттардың жарамдылығы.

1. Келісуші Жақтың бірінің аумағында құзырлы орган өзінің құзыры шеңберінде және белгіленген нысанда жасап, куәландырған және елтаңбалы мөр соғылған құжаттар екінші Келісуші Жақтың аумағында да қолданылады.

Қажет болған жағдайда құжаттардың түпнұсқасы дипломатиялық каналдар арқылы расталуы мүмкін.

2. Келісуші Жақтың бірінің аумағында қайшы деп танылған құжаттар екінші Келісуші Жақтың аумағында да осындай деп танылады.

### 14 бап.

#### Құқықтық көмек көрсету жөніндегі шығындар

1. Келісуші Жақтардың әрқайсысы өздерінің аумағында құқықтық көмек көрсету кезінде шыққан шығындарды көтереді, осы Шарттың 12 бабының 5 тармағымен көзделген шығындардан басқа.

2. Сұрау салынған құзырлы орган сұрау салған құзырлы органды

шығындардың сомасы туралы хабардар етеді. Егер өтініш жасаған құзырлы орган осы шығындарды оларды өтеуге тиісті адамнан төлетіп алса, онда төленген сома оларды төлетіп алған Келісуші Жақтың пайдасына түседі.

### 15 бап.

#### Құқықтық көмектен бас тарту.

Егер сұрау салынған Келісуші Жақ құқықтық көмек беру өзінің егемендігіне, қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртіпке зиян келтіреді немесе өзінің ұлттық заңдарына қайшы келеді деп есептесе, ол құқықтық көмек беруден бас тарта алады және сұрау салған Келісуші Жаққа бас тарту себебін хабарлайды.

### 16 бап.

#### Ақпарат беру.

Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі, Бас прокуратурасы мен Ішкі істер министрлігі және Пакистан Ислам Республикасының Заңдылық және Әділет Министрлігі мен Ішкі істер министрлігі өз

мемлекетінде қолданылып жүрген немесе қолданылған заңдар туралы және оларды қолдану мәселелері туралы өтініштер бойынша бір біріне ақпарат береді.

#### 17 бап.

Азаматтық хал актілерін және басқа құжаттарды тіркеу туралы куәліктерді салып жіберу.

Келісуші Жақтар екінші Келісуші Жақтың азаматтарының жеке құқықтары мен мүліктік мүдделеріне қатысы бар азаматтық хал актілері мен басқа құжаттарды (білімі туралы, жұмысы туралы және т.б.) тіркеу туралы куәліктерді өтініштері бойынша бір біріне дипломатиялық каналдар арқылы аудармасыз және тегін салып жіберуге міндеттенеді.

## II ТАРАУ

### Арнаулы ережелер

Азаматтық және отбасылық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар

#### 18 бап

Сот шығындарын төлеу

1. Келісуші Жақтың бірінің азаматтары екінші Келісуші Жақтың аумағында сот шығындарын осы Келісуші Жақтың азаматтарымен тең жағдайда және бірдей көлемде төлейді.

2. Осы баптың 1 тармағындағы ережелер сондай-ақ Келісуші Жақтың бірінің аумағында өзінің ұлттық заңына сәйкес құрылған заңды ұйымдарға да қолданылады.

#### 19 бап.

Сот шығындарын төлеуден толығымен немесе жартылай босату.

1. Келісуші Жақтың бірінің азаматтары екінші Келісуші Жақтың аумағында осы Келісуші Жақтың азаматтарымен тең жағдайда және бірдей көлемде сот шығындарын төлеуден толығымен және жартылай босатылады.

2. Келісуші Жақтың бірінің азаматтары сот шығындарын төлеуден толығымен



немесе жартылай босату туралы өтініш жасай отырып, тұратын жеріндегі немесе келген жеріндегі құзырлы мекемелер берген өзінің жеке басын, отбасылық және мүліктік жағдайын куәландыратын анықтама тапсыруы керек. Егер өтініш иесінің Келісуші Жақтардың аумағында тұратын жері немесе болатын жері болмаса, ол өз мемлекетінің дипломатиялық өкілдігі немесе консульдық мекемесі берген немесе куәландырған аталған құжаттарды тапсыра алады.

3. Сот шығындарын төлеуден толығымен немесе жартылай босату туралы өтініш бойынша шешім шығарған сот құжат берген органнан қосымша түсінік беру туралы сұрау сала алады.

## 20 бап.

1. Келісуші Жақтың бірінің азаматтары екінші Келісуші Жақтың сотында шығындардан босату туралы немесе процесте тегін өкілдік ету туралы өтініш жасауға ниет білдірсе, өзі тұратын немесе болған жердегі құзырлы сотта жазбаша осындай өтініш жасай алады. Бұл сот өтінішті 19 бапта белгіленген анықтамамен бірге екінші Келісуші Жақтың құзырлы сотына жолдайды.

2. 1 тармақта аталған өтініш талап арызбен немесе процессті бастайтын басқа өтінішпен бірге берілуі мүмкін.

## 21 бап.

### Соттардың құзыры

1. Егер осы Шартпен басқаша белгіленбесе, әрбір Келісуші Жақтың соттары егер жауап берушінің өз аумағында тұратын жері болса азаматтық және отбасылық істерді қарауға құзырлы. Егер аталған Келісуші Жақтың аумағында заңды ұйымның басқару органы, өкілдігі немесе филиалы болса, олар заңды ұйымдарға қойылған талаптар бойынша да құзырлы.

2. Келісуші Жақтардың соттары басқа жағдайларда да, егер Келісуші Жақтардың осы туралы жазбаша келісімі болса, істерді қарайды. Осылай келісім болған жағдайда сот жауап берушінің өтініші негізінде іс бойынша іс жүргізуді тоқтатады, егер мұндай өтініш талаптың мәні бойынша наразылық бергенге дейін жасалса Соттардың ерекше құзырын Келісуші Жақтардың келісімі өзгерте алмайды.

3. Екі Келісуші Жақтардың осы Шартқа сәйкес құзырлы соттарында

екі Жақ арасындағы іс бойынша іс жүргізу қозғалған жағдайда, істі кейін қозғаған сот іс жүргізуді тоқтатады.

## 22 бап.

Құқықтық қабілеттілік және әрекет ету қабілеттілігі.

1. Жеке адамның әрекет ету қабілеттілігі осы адам азаматы болып табылатын Келісуші Жақтың заңдарымен белгіленеді.

2. Заңды ұйымның мәртебесі осы ұйым құрылған аумақтағы Келісуші Жақтың заңы бойынша белгіленеді.

## 23 бап.

Танылатын және орындалатын шешімдер.

1. Келісуші Жақтар осы Шарттың ережелеріне сәйкес басқа Келісуші Жақтың аумағында шығарылған және заңды күшіне енген сот шешімдерін, сондай-ақ осы Шарт күшіне енгеннен кейін танылуға тиісті, бірақ орындауды талап етпейтін шешімдерді тануға және орындауға міндетті.

2. Осы Шарттың тексті бойынша қолданылатын "сот шешімдері" термині мыналарды білдіреді:

Қазақстан Республикасында - соттың (судьяның), соның ішінде төрелік соттың (судьяның) шешімі, ұйғарымы, қаулысы, азаматтық және төрелік істер бойынша әлемдік келісім, сондай-ақ қылмыстық іс бойынша зиянды өтеу бөлігіндегі үкім;

Пакистан Ислам Республикасында - соттың (судьяның), соның ішінде төрелік соттың (судьяның) шешімі, ұйғарымы, қаулысы, азаматтық және төрелік істер бойынша әлемдік келісім, сондай-ақ қылмыстық іс бойынша зиянды өтеу бөлігіндегі үкім.

Қажет болған жағдайда Келісуші Жақтардың азаматтары мен заңды ұйымдары дауларды шешу мәселесі бойында үшінші елдердің арбитражына өтініш жасай алады.

## 24 бап.

Сот шешімін тану және орындау туралы өтініш.

1. Сот шешімін тану және орындау туралы өтінішті осы шешімді шығарған сотқа өтініш иесі береді және оны екінші Келісуші Жақтың сотына соңғысы осы Шарттың 4 бабында көзделген тәртіпте салып жібереді. Өтініш иесі екінші Келісуші Жақтың сотына тікелей де өтініш бере алады.

2. Сот шешімін тану және орындау туралы өтінішпен мынадай құжаттар қоса өткізілуі керек:

а) сот растаған сот шешімінің көшірмесі; егер көшірмеде шешімнің күшіне енгені және орындау керек екені айқын көрсетілмесе, сондай-ақ сот шешімінің заңды күшіне енгені туралы сот құжатының бір данасы қоса тіркелу керек;

б) сұрау салған Келісуші Жақтың аумағында шешімнің орындалған бөлігі туралы соттың құжаты;

в) процеске қатыспаған жаққа заңмен белгіленген тәртіпте сотқа шақыру туралы хабарламаның тапсырылғандығын, ал ол әрекет ете алмаған жағдайда онда тиісті өкілдің болғандығын куәландыратын құжат;

г) осы бапта аталған өтініштің және оған қоса тіркелген құжаттардың расталған аудармасы.

## 25 бап.

Сот шешімін тану және орындау тәртібі.

1. Сот шешімін тануды және орындауды өтініш жіберілген Келісуші Жақтың соты осы Келісуші Жақтың ұлттық заңымен белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырады.

2. Өтініш жасалған сот шешімнің мәнісін талқыламай, оны тек осы Шарттың талаптарына сай келу жағынан ғана қарайды.

3. Тану және орындау туралы өтініш келіп түскен шешімге қатысты

өтінішті алған сот қажет болған жағдайда шешімді шығарған соттан қосымша материалдар беруді талап ете алады.

4. Орындаумен байланысты сот шығындарына қатысты шешім аумағында орындалуға тиісті Келісуші Жақтың заңдары қолданылады.

## 26 бап.

Тану мен орындаудың заңды күші.

Келісуші Жақтың бірінің сотының екінші Келісуші Жақтың сотының шешімін тануы мен орындауының осы Келісуші Жақтың сотының шешімін тану мен орындау сияқты күші бірдей.

## 27 бап.

Шешімді танудан және орындаудан бас тарту.

Сот шешімін танудан және орындаудан мына жағдайларда бас тартылуы

мүмкін:

а) егер шешімді шығарған Келісуші Жақтың ұлттық заңдарына сәйкес бұл шешім заңды күшіне енбесе және орындалмайтын болса;

б) егер шешімді тану және орындау туралы өтініш жіберілген Келісуші Жақтың ұлттық заңдарына сәйкес іс, сұрау салынған Келісуші Жақтың сотының ғана ерекше құзырына жататын болса;

в) егер процеске қатыспаған жаққа Келісуші жақтың ұлттық заңдарына сәйкес сотқа шақыру туралы хабарлама тапсырылмаса немесе ол әрекет етуге қабілетсіз болған жағдайда тиісті өкілі болмаса;

г) егер екі Жақ арасындағы бір құқықтық дау бойынша сұрау салынған Келісуші Жақтың соты заңды күшіне енген шешім шығарып қойған болса немесе ол сонда қаралып жатса немесе осы іс бойынша үшінші мемлекеттің шешімі заңды күшіне енгені танылса;

д) егер шешімді тану немесе орындау өтініш жасалған Келісуші Жақтың егемендігіне, қауіпсіздігіне немесе қоғамдық тәртібіне зиян келтіретін болса.

28 бап.

Осы Шарттың шешімдерді орындау туралы ережелері Келісуші Жақтардың ақша сомдарын аудару туралы және орындау нәтижесінде алынған құралдарды әкету туралы заңдарын қозғамайды.

III Тарау.

Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек.

29 бап.

Құқықтық көмек көлемі.

Осы Шарттың ережелеріне сәйкес Келісуші Жақтар бір-біріне

көрсететін құқықтық көмек мыналарды қамтиды:

- алдын ала тергеудегі адамдарды іздестіру және ұқсастыру;
- қылмыстық қудалауды қозғау немесе қабылдау;
- күдіктілерден, айыпталушылардан, сотталушылардан, куәлардан, жәбірленушілерден, сарапшылардан жауап алу;
- тексеру, тінту және дәлелдер жинаумен байланысты басқа іс-жүргізу әрекеттері;
- заттай айғақтарды, құжаттарды, қылмыстық жолмен алынған құндылықтарды беру;
- қылмыстық іс бойынша іс жүргізумен байланысты іс жүргізу құжаттарын тапсыру, сондай-ақ сот процесінің нәтижелері туралы ақпарат беру.

### 30 бап

Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету кезінде байланысу тәртібі

Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету кезінде Келісуші

Жақтардың құзырлы органдары осы Шарттың 4 бабында аталған органдар арқылы байланыс жасайды.

### 31 бап.

Қылмыстық қудалауды қозғау міндеті.

1. Әрбір Келісуші Жақ екінші Келісуші Жақтың өтініші бойынша өз заңдарына сәйкес екінші Келісуші Жақтың аумағында қылмыс жасағаны үшін күдікті өз азаматтарына қарсы қылмыстық қудалауды қозғайды.

2. Келісуші Жақтың бірінің заңдарына сәйкес оның құзырлы органдарына тиісті мерзімде берілген жәбірленушінің қылмыстық қудалау туралы арызы екінші Келісуші Жақтың аумағында да қолданылады.

### 32 бап.

Қылмыстық қудалауды қозғау немесе қабылдау туралы өтініш

1. Қылмыстық қудалауды қозғау немесе қабылдау туралы өтініш жазбаша түрде жазылады және онда мыналар көрсетілуі керек:

- 1) сұрау салған органның аты;
  - 2) қылмыстық қудалауды қозғау немесе қабылдау туралы өтініш жіберуге себеп болған әрекеттің сипаттамасы;
  - 3) қылмыстық әрекет жасалған уақыттың және жердің мүмкіндігінше неғұрлым толық көрсетілуі;
  - 4) қылмыстық әрекетті қылмыс деп тануға негіз болған сұрау салушы Келісуші Жақтың заңының тексті;
  - 5) күдікті адамның фамилиясы мен аты, оның азаматтығы, тұратын немесе болған жері туралы деректер және оның жеке басы туралы мәліметтер, сондай-ақ мүмкіндігіне қарай, осы адамның келбетінің суреттемесі, оның фотосуреті мен саусақтарының таңбалары;
  - 6) жәбірленушінің арызы бойынша қозғалған қылмыстық іс бойынша жәбірленушінің арызы мен материалдық шығынды, егер мұндай болса, өтеу туралы арыз;
  - 7) келтірілген материалдық шығынның мөлшері туралы қолда бар мәліметтер.
- Өтінішке сұрау салған Келісуші Жақтың қарамағындағы алдын ала тергеудің материалдары мен айғақтар қоса тіркеледі. Қылмыс жасау құралы болған, немесе қылмыстық ізі бар құралдарды немесе қылмыстық жолмен алынған басқа құралдарды беру кезінде осы Шарттың ережелері ескерілуі керек.

2. Егер қылмыстық қудалауды қозғау немесе қабылдау туралы

өтінішті жіберген сәтте адам 29 бапқа сәйкес осындай қудалауды қозғау туралы өтінішті жіберетін Келісуші Жақтың аумағына жеткізіледі. Екінші Келісуші Жақтың аумағында қамауда жатқан адамды этаппен алып жүруге істі тергеуді қадағалаушы лауазымды адам рұқсат береді. Осындай адамды беру осы Шарттың ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

33 бап.

Экстрадициялау тәртібі.

Экстрадициялау тәртібі мен мәнісін Келісуші Жақтар осы Шартқа қол қойғаннан кейін өзара кеңескен соң жеке Шарт жасау арқылы белгілейді.

34 бап.

Қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету кезінде  
Келісуші Жақтардың өкілдерінің қатысуы.

Келісуші Жақтардың бірінің өкілдері екінші Келісуші Жақтың  
қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы өтініштерді  
орындау кезінде екінші Келісуші Жақтың келісімімен қатыса алады.

35 бап.

Сотталғандығы туралы мәліметтер.

Келісуші Жақтар өтініштері бойынша бір біріне адамдардың

сотталғандығы туралы, егер бұл адамдар сұрау салған Келісуші Жақтың  
аумағында қылмыстық жауапқа тартылса, мәліметтер береді.

36 бап.

Құралдарды беру.

1. Сұрау салынған Келісуші Жақ сұрау салған Келісуші Жаққа  
қылмыс жасау құралдары болған құралдарды береді.

2. Сұрау салған Келісуші Жаққа берілген құралдарға үшінші Жақтың  
құқы күшінде қалады. Іс бойынша іс жүргізу аяқталған бұл құралдар  
оларды берген Келісуші Жаққа қайтарылуы керек.

37 бап.

Үкімдер туралы мәліметтер.

Келісуші Жақтар екінші Келісуші Жақтың азаматына қатысты Келісуші  
Жақтың бірінің соты шығарған үкімдердің заңды күшіне енгені туралы  
мәліметтерді бір-біріне тұрақты хабарлап тұрады.

ІҮ Тарау

Қорытынды ережелер

38 бап.

Шарттың күшіне енуі.

Осы Шарт бекітілуі керек және бекіту грамоталарымен алмасқаннан кейін 30 күн өткен соң Шарт күшіне енеді.

39 бап.

Өзгертулер мен толықтырулар.

Келісуші Жақтардың өзара келісімі бойынша осы Шартқа өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

40 бап.

Осы Шарт Келісуші Жақтардың біріне немесе екеуіне де міндет артатын басқа шарттардан келіп шығатын міндеттемелерді бұзбайды.

41 бап.

Дауларды шешу тәртібі

Осы Шартты қолдануға және түсіндіруге байланысы даулар дипломатиялық арналар арқылы келіссөздер және өзара консультациялар жолымен шешіледі.

42 бап.

Күшін тоқтату.

Осы Шарт шексіз мерзімге жасалады және Келісуші Жақтардың кез келгені дипломатиялық каналдар арқылы оның күшін тоқтату туралы жазбаша ескерту жібергеннен кейін алты ай өткен соң өзінің күшін тоқтатады.

1995 жылғы тамыздың 23 Алматы қаласында екі данада, әрқайсысы қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде жасалды және барлық текстерінің күші бірдей.

Осы Шарттың текстінің мазмұны бойынша қайшылық туған жағдайда Келісуші Жақтар ағылшын тіліндегі текстін басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасы  
үшін

Пакистан Ислам Республикасы  
үшін



Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК